9.2.5. Жеткізуші тарапынан монтаждау, жинау, қондыру, іске қосу-жөндеу және т.б. бойынша міндеттемелер орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған жағдайда (егер мұндай Шарт талаптарымен көзделген болса), Жеткізуші Сатып алушыға Шарттың жалпы сомасының 15% мөлшерінде айыппұл төлейді.


9.2.6. Шарттың 7.2 тармағының талаптары орындалмаған жағдайда, Тауардың жөнелтілгені туралы Жеткізуші тарапынан хабарламаның жіберілу уақытының бұзылуы салдарынан, вагон(дар)дың тұрып қалу және кешігуі және жүкті алу кезінде құжаттардың дер уақытында ресімделмеуі орын алған жағдайда, Жеткізуші Сатып алушыға Сатып алушы тарапынан ұсынылған айыппұл сомасынан екі есе көп мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

9.2.7. Сатып алушы тарапынан Жеткізушімен Шарт талаптарының орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін, Шартты біржақты тәртіппен бұзу кезінде, Жеткізуші Сатып алушыға Шарттың 9.2.3 тармағымен көзделген айыппұлды төлеуге міндетті.

9.2.8. 9.2.1, 9.2.3 және 9.3 тармақтарда көрсетілген тұрақсыздық ақысынан бөлек Жеткізуші Сатып алушыға шығынды қайтарады, алынбай қалған пайданы, көрсетілген тұрақсыздық ақысынан тыс толық мөлшерде.

9.2.9. Сатып алушы Шарттың 9.2.1, 9.2.3 тармақтары бойынша өсімпұлды қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы, егер Жеткізуші, тауардың барлығын немесе бір бөлігін кешіктіріп жеткізгенін немесе жеткізілмегенін, сондай-ақ монтаждау, құрастыру, іске қосу және/немесе өнімді пайдалануға беру жұмыстарының уақыты аяқталмауы Сатып алушының кінәсінен болса.

9.2.10. Тапсырыс беруші тарапынан осы Шарт бойынша төлем жүргізілген және Жеткізушімен осы Шарт бойынша міндеттемелер белгіленген мерзімде орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған, және (немесе) Шарт тоқтатылған жағдайда (оның ішінде ол бұзылғанда), Жеткізуші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақша қаражатын (жұмсалғаны жұмыстар/қызметтер/тауарларды қабылдау актісімен расталмаған шығындар) талап жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс беруші талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтаруға жататын соманың 0,1% көлемінде әрбір мерзімі өткен күн үшін өсімақы төлейді, бірақ ол Шарттың жалпы сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.





9.2.11. Жеткізуші тарапынан Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ формалы сертификат тапсырылмаған жағдайда, Жеткізуші өзі өндірген Тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін Шарттың жалпы құнының 20% -ы мөлшерінде айыппұл төлеу түрінде жауапты болады, оны Жеткізуші тараптар жеткізілген тауарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғанға дейін төлеуге тиіс (Тәртіпке Қосымша №6-ғы 18-тармақта және Қосымша №11-гі 9-тармақта көрсетілген арыз (декларация) негізіндесатып алынатын біркелкі тауар өндіруші тауарына шарт жасасу кезінде қолданылады).

9.2.12. Егер СТ-KZ формасындағы сертификатта(тар) көрсетілген елішілік құндылық үлесі ҚТӨ тізілімінде көрсетілген, жеткізілген тауар бойынша елішілік құндылық үлесінен төмен болса, Жеткізуші Шарттың жалпы бағасының 20% көлемінде айыппұл төлеуге міндетті (Сатып алынатын тауар өндірушімен арада шарт жасасу кезінде қолданылады).

9.3. Тауардың жеткізілу мерзімінің кешіктірілгені үшін өсімақы есебі Тауардың толық ілеспе құжаттар пакетімен бірге Шарт талаптарына сай жеткізілген күні бойынша жүргізіледі.

9.4. Шарт талаптарына сай Тауардың дер уақытында жеткізілмегені немесе жеткізуден бас тартқаны үшін, жеткізілген Тауар үшін тауар өндірушіге салынатын айыппұлдың (өсімақы) жалпы көлемі Шарт сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.5.2. Жеткізуші төлеген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 0,1% -ы көлемінде, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10% -нан аспайтын көлемде өсімақы төлеуі тиіс

9.5.3. Тапсырысшы тарапынан Тауарды қабылдау себепсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырысшы Жеткізушіге әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, кешіктірілген күн сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлейді, бірақ орындалмаған міндеттемелер сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.5.4. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.5.5. Орындаушы Шарттан себепсіз бас тартқан жағдайда, Шарттың 10 және 13 тарауларымен көзделген жағдайлардан басқа, Тапсырысшы Жеткізушіге Тапсырысшы кінәсінен жеткізілмеген Тауар бағасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

9.6. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

9.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.8. Айыппұл, өсімақы төлемдерін Жеткізуші Сатып алушыдан есеппен бірге тиісті хабарлама алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізеді (мұндайда төлем жүргізу үшін негіздеме болып есеп саналады).

9.9. Жеткізушіге өсімақы және/немесе айыппұл төлеу үшін, сондай-ақ жауапкершілікпен сақтау шығындары үшін, Сатып алушыдан берілетін төлем талаптарына жеткізілген Тауарға төлем жүргізу, өсімақы және/немесе айыппұл төлемдерін және жауапкершілікпен сақтау шығындарын төлеу бойынша қарсы бірыңғай талаптар есебін жүргізу мақсатындағы өзара есептерді салыстыру актісінің қосылуына Жеткізуші келісім береді.


9.10. Жеткізуші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің Жеткізушімен орындалмағаны және/немесе тиісінше орындалмағаны, сондай-ақ шығындарды өтеу мен осы Шарт және Сатып алушы мен Жеткізуші арасында жасалған басқа шарттар бойынша төленуі тиіс алынбаған пайда сомасынан Сатып алушыға тиесілі тұрақсыздық ақысының сомасын Сатып алушының ұстап қалуына өз келісімін береді.

9.11. Жеткізуші осы Шарт және Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төлеуге жататын сомадан Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан өтеуге жататын және Тапсырыс берушіге тиесілі нақты залал мен жіберіп алған пайда сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

9.12. Жеткізушімен Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін төленген сомадан Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және соның салдарынан орын алған шығындарды ұстап қалуға құқылы.

9.13. Тауарлар жеткізу іс жүзінде Тапсырыс берушімен алдын ала төленгеннен аз сомаға орындалып, Шарттың әрекет ету мерзімі тоқтатылған жағдайда, Тапсырыс беруші төленген аванстан көрсетілген қызметке сай тиісті айырма соманы ұстап қалуға құқылы.

9.14. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша шығындар тұрақсыздық айыбынан (өсімақыдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуге тиіс.





10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

10.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

10.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

10.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

10.3.3. Тауарларды алудағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

10.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

10.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

10.3.4. Шартты бұзу: өнім беруші банкрот деп жарияланған, төлем қабілетсіз деп танылған; тауарларды жеткізу үшін қажетті лицензиялар мен өзге де рұқсат құжаттарының күші жойылған/алынбаған; Тапсырыс беруші үшін шарт бойынша тауарларды жеткізуді шектеуді белгілейтін және/немесе орынсыз және/немесе мүмкін етпейтін сот актілері немесе сот орындаушыларының қаулылары болған жағдайларда дереу жүзеге асырылады.

10.3.5. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

10.4. Шартқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар қосымша келісім түрінде жазбаша ресімделіп, Тараптардың соған уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылады. Жобаға болмаса сатып алулар туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алулар талаптарының мазмұнын өзгертетін өзгертулер және/немесе Тәртіптің тиісті тармақтарымен көзделмеген өзге негіздемелер бойынша Жеткізушіні таңдауға негіз болатындай ұсыныстар енгізуге жол берілмейді.

10.5. Шартты орындаудан Тапсырысшы біржақты тәртіппен бас тартқан кезде. Тапсырысшы Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттың бұзылу себебі көрсетілуі, жойылатын шарт міндеттемелерінің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Шартты бұзу кезінде жоғарыда көрсетілген жағдарларға сай, Жеткізуші Шарттың орындалуымен байланысты тек нақты жұмсалған шығындар төлемін бұзылатын күнге дейін ғана талап етуге құқылы. Жеткізуші Тауарды Шарттың бұзылатыны туралы жазбаша хабарлама алған соң жөнелткен жағдайда, Тауарды Тапсырысшы қабылдамайды, және төлем жүргізбейді.

10.6. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.


11. Хабарламалар

11.1. Кез келген хат-хабар, құлақтандыру, есеп берулер, сұрау салулар, талап етулер, бекітулер, келісулер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарлаулар осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша түрде орындалуы тиіс, күні бұрын берілуі және қолма қол немесе почта хабарламасы арқылы тапсырыс хаты түрінде, факспен немесе электронды почта арқылы беріліп, түпнұсқасы факс/электронды нұсқасын алғаннан кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде жеткізілуі тиіс. Осы Шарт бойынша кез келген хат алмасу Шарттың 19 тарауында көрсетілген деректемелер бойынша жіберіледі.

11.2. Тапсырысты почта, курьерлік почта, телеграмма немесе факс арқылы жіберілетін кез келген хабарлама (одан бұрын алынған растаушы болмаған кезде) берілу кезінде алғаны туралы белгі қою арқылы жеткізілген болып саналады.

12. Шарттың мерзімі

12.1. Осы Шарт Тараптардың қолдары қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Шарт бойынша Тараптармен өз міндеттемелері толықтай орындалғанға дейін әрекет етеді.





13. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

13.1. Егер бұл дүлей күш жағдайларының салдары болып табылатын болса (су тасқыны, жер сілкіну және басқа да апатты оқиғалар, эмбарго, соғыс немесе әскери әрекеттер, диверсия, терроризм, жұмыстың орындалуына кедергі келтіретін немесе тыйым салатын мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің күші енуі), ол жағдайлар тараптар еркінен тыс болып, тараптардың өз міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермесе, тараптар осы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толықтай немесе жартылай орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады.

13.2. Кез келген Тарап дүлей күш жағдайы туындаған кезде, осындай жағдай орын алған күннен бастапқы 5 күн ішінде екінші Тарапқа жағдайдың орын алғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Мұндай жағдайлар Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарымен расталуы тиіс.

13.3. Келісім-шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы уақытқа сәйкес дүлей күш жағдайы әрекет еткен уақытқа дейін, сондай-ақ сол жағдаймен орын алған салдары жойылғанға дейін ұзартылады.

13.4. Осы Келісім-шарттың 13.2. тармағында айтылғандай тәртіппен дер уақытында немесе мүлде хабарланбауы, Тарапты өз міндетін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын кез келген жоғарыда айтылған жағдайға сүйену құқығынан айырады.

13.5. Егер Тараптардың өз міндеттерін толықтай немесе жартылай орындау мүмкіндігінен айырылу мерзімі 2 (екі) айдан асып кетсе, онда Тараптар осы Келісім-шартты бұзу және өзара есепайырысу құқығын иеленеді.

14. Дауларды шешу тәртібі

14.1. Тараптар арасында осы Шартқа қатысты туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктердің бәрі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

14.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Атырау облыстық Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотпен шешіледі.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

15.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

15.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

15.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.8. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі процедуралардың жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін күш-жігерін орынды жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер





жүргізу жөніндегі процедураларды іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.9. Жеткізуші төмендегі ескертпелердің кепілдіктерін сақтайды: - мемлекетке байланысты тұлға және (бар/жоқ) оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей немесе жанама иелері болып табылатын саяси маңызы бар тұлғалар (болып табылады/болып табылмайды). Жеткізуші қандай да бір саяси маңызы бар тұлға Жеткізушінің лауазымды адамы немесе қызметкері болған не Жеткізушінің тікелей немесе жанама қатысу үлесін алған барлық жағдайлар туралы Тапсырысшыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді; - қандай да бір заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және қаржыландырудың тек заңды көздері ғана бар: - Жеткізуші мен оның Үлестес тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған. Егер Жеткізуші немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталса немесе кінәлі деп танылса, Жеткізуші Тапсырысшыны жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді - Жеткізуші "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ (ҚМГ) Іскерлік этика кодексімен және Тапсырысшының ресми веб-сайтындағы Тапсырысшының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын растайды. Жеткізуші ҚМГ Іскерлік этика кодексін және Тапсырысшының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетіндігін куәландырады.

16. Құпиялылық

16.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

16.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде деректемелер мен төлем деректемелері туралы ақпаратты қоса алғанда, онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін банктің контрагенттерін деректерді берудің қауіпсіз каналы арқылы байланыс арналарының қажетті хаттамаларын қолдана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық-талдамалық жүйесіне жіберу арқылы жария етуге құқылы екеніне келіседі.

17. Зияткерлік меншік

17.1. Сатып алушының Жеткізушіге берген сызбалары, құжаттар, деректер мен ақпараттары Сатып алушы меншігі болып саналады. Оларды үшінші жақ тұлғаларына беруге немесе Сатып алушыдан жазбаша түрде алдын ала алынған рұқсатсыз, қандай да бір басқа мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады. Осылайша, Жеткізуші оларды Шарт орындалып болған соң да пайдаланбауға міндеттенеді.

17.2. Шарттың орындалуы шеңберінде Жеткізуші тарапынан берілген, бағдарламалық қамту жөніндегі тиісті құжаттарды қоса, сызбалар мен құжаттарды Сатып алушыға пайдалану құқығы беріледі.

17.3. Егер Жеткізуші жеткізетін Тауар болмаса Тауардың бөлігі авторлық құқық нысаны болмаса зияткерлік меншік нысаны болмаса үшінші жақтың өнеркәсіптік меншігі болса, Жеткізуші оларды одан әрі Сатып алушыға беруі үшін, жоғарыда көрсетілген нысандарға барлық құқықты және қорғалу құжаттарын қысқа мерзім ішінде үшінші жақ тұлғаларынан алуы үшін, барлық тиісті әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс. Сондықтан Жеткізуші осы арқылы жариялайды, өзінің нақты иесі, лицензиаты, иеленушісі және/немесе авторлық құқық нысанының немесе жеткізілетін Тауарға немесе оның қандай да бір бөлшегіне қатысты кез келген өнеркәсіптік, зияткерлік меншіктің, сондай-ақ үшінші жақ тұлғаның меншігі болып табылатын ақпараттың және/немесе Тауар немесе жабдыкқа, өнімге және/немесе Шартты орындауға арналған құралға бағытталған техникалық ноу-хаудың уәкілетті пайдаланушысы екенін (болатынын). Жеткізуші осы арқылы Сатып алушыға Шартқа сәйкес Тауарды иелену, пайдалану және/немесе билеу үшін қажетті болып табылатын құқықты, әлемнің кез келген нүктесінде пайдалануға берілетін, қайтарып алынбайтын және эксклюзивті емес, бажсыз лицензияны береді. Егер Тауар ойлап табылған, пайдалы модель немесе өнеркәсіптік үлгіде болса, Жеткізуші осы арқылы Сатып алушымен арада лицензиялау келісімін жасауға, және Сатып алушыға қайтарып алынбайтын, эксклюзивті емес, әлемнің кез келген нүктесінде әрекет ететін, бажсыз лицензияны беруге, Қазақстанда тіркелген осындай лицензияланған келісімді алу мақсатында Сатып алушымен қажеттілігіне қарай серіктес болуға өз келісімін береді.

17.4. Жеткізуші Шарттың 17.3 тармағымен көзделген барлық әрекеттер үшін жауапты болады, Сатып алушыны жауапкершіліктен босатады, оны қорғайды, Сатып алушының да, үшінші жақтың да шығындарын өтейді, Сатып алушының Жеткізуші тарапынан өнеркәсіптік және/немесе зияткерлік меншік, Тауардың жеткізілуімен байланысты туындайтын авторлық құқық нысандары құқығының бұзылуымен немесе бұзылуының мүмкіндігіне орай туындайтын барлық әрекеттермен, наразылықтар, таоаптар, шығындар және міндеттемелермен байланысты жауапкершілікке тартылмауын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Сатып алушыға кез келген патенттік құқық, авторлық құқық, сауда маркасы немесе қандай да бір өнеркәсіптік немесе зияткерлік меншік және авторлық құқықтың бұзылуымен байланысты берілген наразылықтар бойынша барлық шығындарды қайтаруға міндетті.

17.5. Авторлық құқық нысанына болмаса зияткерлік меншік нысанына немесе өнеркәсіп меншігі нысанына қатысты үшінші жақтың заңды құқықтары бұзылған жағдайда, Жеткізуші міндетті: - үшінші жақтан Сатып алушының Тауарды одан әрі пайдалану құқығын алуға; - сатып алушы келісімімен жоғарыда көрсетілген құқықтарды сақтай отырып, Тауардың жаңадан жеткізілуін жүзеге асыруға.





18. Санкциялық ескертпе

18.1. Тараптар осы Шартты Жеткізуші кепілдемесі негізінде және Жеткізуші өз бизнесін Экономикалық санкциялар туралы заңнамаға сәйкес және оны бұзбай жүргізді, жүргізіп келеді және жүргізе береді дегенге адал ниетпен сене отырып жасасады, және осы Келісім жасасқан күні Жеткізуші АҚШ-тың Қаржы министрлігінің шетелдік активтерін бақылау жөніндегі басқармамен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) болмаса кез келген өзге орган, департамент немесе АҚШ үкіметінің агенттігімен, Біріккен Ұлттар Ұйымымен, Ұлыбритания, Еуропалық одақ немесе кез келген Еуропалық одақ мүшесі-мемлекетпен әкімшіліктендірілетін кез келген экономикалық немесе қаржылық санкциялар түсіндірілетін, Экономикалық санкциялар туралы заңнаманың сақталуына және ниеттенуіне бағытталған саясат пен процедураларды имплементациялады және қолдады. Жеткізуші кепілдік береді және қамтамасыз етуге міндеттенеді: (а) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да, Жеткізушінің барлық акционерлері де Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List - арнайы бөлінген және бұғатталған жеке тұлғалар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions - корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір болмаса бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізімі санкциялар тізіміне кірмейді; (b) Шартты жасау және/немесе оның Жеткізушімен орындалуы осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкциялардың бұзылуына соқтырмайды; (c) Жеткізуші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болатын күні және осы Шартқа сәйкес оны іс жүзінде орындау күніне дейін – осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын Жеткізушінің шоттары, оның ішінде меншікті және корреспонденттік шоттар оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын, ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген банктерде немесе қаржы мекемелерінде болады (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі Басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the office of Financial sanctions Implementations in the UK), және (немесе) SDN тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (Foreign Financial Institutions list of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (non-SDN Menu-Based sanctions List) Мемлекеттік қаржының ашықтығы; (d) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер Экономикалық санкциялармен тыйым салынған немесе кез келген тұлғамен арадағы мұндай мәмілелер Экономикалық санкцияны бұзады немесе Санкцияланған тұлғалар пайдасына пайдаланылады немесе трактатталады деген кез келген тұлғамен немесе ұйыммен мәміле жасауға тартылмаған немесе ешқандай мәмілеге тартылмайды; немесе (e) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер кез келген келісім, мәміле, уағдаластықты немесе санкция салынған тұлғалармен қарым қатынасты немесе сондай тұлғалардың пайдасы үшін (кез келген жылжымайтын мүлікті қоса), болмаса Санкцияланған территорияда немесе Иран мұнайын, мұнай немесе мұнай химия өнімдерінің қатысуымен мәмілені қаржыландырмайды немесе жеңілдетпейді; немесе (f) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер кез келген басқа да жолмен Экономикалық санкцияның бұзылуына әкелмеуі немесе Экономикалық санкцияның бұзылуына ықпал ететін (Қормен) немесе кез келген үшінші тұлғалармен ықпал етпеуі тиіс; (g) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер мемлекет территориясы деген ұғымдағы, Экономикалық санкция таратылатын Санкцияланған территорияға орналаспайды, егер Санкциялық территорияда орналасуы Экономикалық санкцияның бұзылуына соқтырса немесе соқтыруы мүмкін болса; (h) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер Экономикалық санкцияға байланысты бұғатталған немесе тыйым салынған немесе Экономикалық санкцияның бұзылуына соқтыратын немесе соқтыруы мүмкін мүлікке мүдделі және үлестес болмайды немесе мүлікке тартылмайды; (i) осы Шартқа Жеткізушінің атынан қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions-корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non-SDN Menu – Based Sanctions List-SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы әкімшілендіретін (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізімі.

18.2. Егер Жеткізушінің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл емес болып шықса, болмаса Шарттың осы тарауының 18.1 тармағында көрсетілгеннен не болса да Жеткізуші тарапынан қамтылмайтын болса, Контрагент екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Жеткізушінің осындай кепілдігінің салдарынан немесе анық еместігіне немесе дәл еместігіне байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды, Шарттың осы тарауының 18.1 тармағымен көзделген Жеткізуші міндеттемелерінің бұзылуынан болған шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы

18.3. Егер шарт жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа санкциялық акт қабылданған немесе қандай да бір қолданыстағы санкциялық актіге өзгерістер енгізілетін немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесі немесе шешімінің күшіне сәйкес қолданыстағы санкциялық актінің ("Жаңа санкциялар") қолданылу аясы кеңейтілетін немесе өзгеше түрде өзгертін жағдайда және осындай Жаңа Санкциялар: (a) дұрыс және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейді немесе елеулі түрде қиындата алады; және (немесе) (b) мұндай Тарап үшін қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама залалдарға ұзақ мерзімді қол жеткізу мүмкіндігін





(олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) туындатқан немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (с) өнім беруді/қызметтер көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкеп соғуы мүмкін (d) тараптардың қайсыбірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған Тараптардың қайсыбірінің міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады, оларды сақтау мүмкін емес немесе жаңа санкциялармен елеулі түрде қиындық туғызады; және (немесе) (е) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқты немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған осындай төмендеу ықтималдығы бар, (бірге – «Жаңа санкциялар салдары»), екінші Тарап ол жөнінде екінші Тарапқа Жаңа санкциялар қабылданған сәттен бастап 5 (бес) күн ішінде ресми растаушы құжаттар қосымшаларымен және осы санкциялардың оларға ықпалы туралы дереу хабарлауға міндеттенеді (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады).

18.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей, Тараптар осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына жаңа санкциялардың елеулетті әсеріне қатысты өз позицияларын әділ талқылау және келісу үшін, сондай-ақ жаңа санкциялардың теріс әсерін болдырмау немесе төмендету бойынша мүмкін заңды және қолайлы іс-шаралар туралы кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді, осы Шартқа өзгерістер енгізуді, құзыретті мемлекеттік органнан тиісті юрисдикцияның рұқсаттарын/лицензиялар алуы ("Әділ келіссөздер") қоса.

18.5. Тараптар жүргізілген әділ келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды 5 (бес) күн ішінде не олар келіскен өзге де мерзім ішінде іске асыру үшін ақолайлы күш-жігер жұмсайды, жаңа санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануды болдырмауға мүмкіндік беретін іс-шаралар жүзеге асырылуы мүмкін.

18.6. Тараптар әділ келіссөздердің бірінші күні өткізілген 5 (бес) күннен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта жаңа санкциялардың салдарына әкеп соққан жаңа санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты туындаған Тарапқа ("Тыйым салынған Тарап") келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама ("Келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама") жіберуге құқығы бар.). Келісімге қол жеткізбеуі туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда, Тараптар Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

18.7. Жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, Тараптар келіседі, егер осы Шарт бойынша кез келген төлем АҚШ долларымен жүргізілсе, болмаса (валютаны көрсету) Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе, Тараптардың өзара келісімі бойынша, басқаша айтқанда Жаңа санкцияларға сай болмаса, 18.8 бап ережелері артықшылықты тәртіппен Тараптар пікірі бойынша баламалы валютамен төлем жүргізу арқылы Жаңа Санкция салдарын болдырмауға мүмкіндік беретін болса, және мұндайда 18.5 және 18.6 тармақтарының ережелері қолданылмайтын болса.

18.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не басқа валюта жүзеге асыру Жеткізуші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгеше түрде орынсыз болатынын растайды және келіседі, Тапсырыс беруші бұл туралы хабарлауға міндеттенеді. Жеткізушінің бұл туралы жазбаша түрде және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны жазбаша түрде бірлесіп келіседі, ("Баламалы валюта") және осындай төлемді алушы Тараптың банк шотының деректемелері, тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және қолайлы жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

18.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуге тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 18.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), Тараптар мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларындағы есеп айырысуларды жүзеге асыру мақсаттары үшін, осы сомалардың Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің төлем жүргізілетін күнгі курсы немесе есебі бойынша АҚШ долларымен есептеуге келіседі (төлем немесе есеп айырысу бекітілген күн) немесе егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті валюталардың бағамдары туралы, бағамы бойынша басқа елдің ұлттық банкі көрсету, күніне қатысты (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) ақпаратты жарияламайды.

18.10. Шарттың жалпы қолданылу мерзіміне қарамастан, Шарттың санкциялық міндеттемелер бөлігіндегі қолданылуы шартты бұзғаннан, бас тартқаннан, жарамсыз деп танығаннан, қолданылу мерзімі өткеннен немесе тұтастай бұзылғаннан кейін толық күшінде қалады.

19. Өзге де шарттар

19.1. Шарт электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде жасалды және Жүйе арқылы «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ-ның электронды сатып алу порталында <https://zakup.sk.kz/> Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қағаз жүзінде қол қойылған Шартқа тең келетін заңды күші бар, электронды цифрлық қол қоюы арқылы жасалды. Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі нұсқасы басымдылыққа ие болады.

19.2. Осы Шартқа қатысты барлық қосымшалар, өзгертулер мен толықтырулар олар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Шарттың 19.1 тармағының талаптарына сәйкес электронды қол қоюы арқылы жасалуы кезінде, оның ажырамас бөлігі болып табылады.

19.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі. Шарт талаптарын орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

19.4. Шарттың және оның қосымшаларының мәтінін талқылау кезінде қандай да келіспеушіліктер, ауытқулар болған жағдайда, Шарт





мәтініне басымдылық беріледі.

19.5. Тараптар Шартпен көзделген өз құқықтары мен міндеттерін Тараптардың заңды мұрагерлерінен басқа, үшінші жақ тұлғаларына беруге құқысыз.

19.6. Қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады:

- 19.6.1. Қосымша №1 «Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тізімі»;
- 19.6.2. Қосымша №2 «Техникалық сипаттама»;
- 19.6.3. Қосымша №3 «Тауарларды жеткізуге қатысты шарттағы елішілік құндылық туралы есеп беру формасы»;
- 19.6.4. Қосымша №4 «Жауапкершілікпен сақтау қызметтерін көрсетуге белгіленген тарифтер»;
- 19.6.5. Қосымша №5 «Орындалған жұмыстар Актісінің формасы»;

20. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Ембімұнайгаз" АҚ
Атырау облысы, Атырау Қ.Ә., Валиханова, 1
БСН 120240021112
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ876010141000156926
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (712) 299-3163

БСН _____
БСК _____
ЖСК _____

Тел.: _____






Шарттың №1
қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі


жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	Бірлік бағасы	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
1872 Т	Сынама таңдағыш сорғы, қолмен жасалатын	Сипаттама: 50-ден 200 литрге дейінгі бөшекелермен жұмыс істеуге бейімделген есептегіші бар механикалық айналмалы сорғы.	7.000	7.000	Дана	132 977.5		930 842.5	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г.Атырау, ст.Тендык, УПТОиКО	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%
1834 Т	Құрал-саймандар жинағы, арнайы техникаға арналған	Сипаттама: Мақсаты- эмбебап; Түрі-құралдар жинағы және қосымша бүйірлік бөлімі бар 7 және сөрелік аспаптық арба; Заттар саны-274 дана;	2.000	2.000	Дана	428 989		857 978	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г.Атырау, ст.Тендык, УПТОиКО	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%





Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.





Тауарларды жеткізу жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ р/с	Жеткізуші	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skc.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.


11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке товаров № _____

г. _____

«__» _____ 2025 г.

Акционерное общество "Эмбаунайгаз", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Поставщик», в лице _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____, заключили настоящий договор о закупке товара (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Поставщик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Поставщик обязуется поставить и передать в собственность Заказчика товары по ценам, параметрам и другим условиям, указанным в Договоре (далее - Товар), а Заказчик обязуется принять и оплатить Товар на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2. Поставщик обязуется передать Товар по ценам и в сроки, указанные в Приложениях №1 и №2 к Договору, а Покупатель обязуется принять и оплатить Товар при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.3. Поставка Товара осуществляется на условиях DDP «Инкотермс 2010».

1.4. Количество Товара, единица Товара, его технические характеристики, место поставки и адрес Грузополучателя определяются Приложениями №1 и №2 к Договору.

2. Определения

